

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
 КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
 БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
 2009 ж. « 14 » 01 ай бұйрығы заңды
 тұлға мемлекеттік қаражаттарымен тіркелген
 Алғашқы тіркелген күні 2009 ж. « 31 » 08 ай

ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
 «ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
 ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ

произведена государственная перерегистрация
 юридического лица « 14 » 01 2009 г.

Дата первичной регистрации « 31 » 08 2009 г.
 БСН/БИН 000940007604

«Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы
 «Халық-Лизинг» акционерлік қоғамының
 жалғыз акционерінің шешімімен
 («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның
 Директорлар кеңесінің
 2019 ж. «03» шілде
 сырттай отырысының № 44 хаттамасы)

БЕКІТІЛГЕН

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ»
 КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ОЗГЕРТУЛЕР
 ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫМЕН ЗАҢДЫ
 2019 ж. « 13 » 08 ай бұйрығы
 ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
 КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
 УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫ
 С ВНЕСЕННЫМИ ИЗМЕНЕНИЯМИ И ДОПОЛНЕНИЯМИ
 ПРИКАЗ № 2674
 « 13 » 08 20 19 г.

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІНІҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ

«ХАЛЫҚ-ЛИЗИНГ»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

Алматы, 2019 ж.

Осы Жарғы «Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы «Халық-Лизинг» акционерлік қоғамының, бұдан әрі «Қоғам» деп аталады, құқықтық жағдайын, ұйымдастыру және қызмет ету, қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібін, акционер мен үшінші тұлғалардың құқықтарын, міндеттерін, құқықтары мен мүдделерін қорғау шарттарын, Қоғам органдарының және лауазымды тұлғаларының өкілеттіктерін және жауапкершіліктерін айқындайды.

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ Заңына, бұдан әрі «Заң» деп аталады, және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жаңа редакцияда әзірленіп, бекітілді.

1 тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қоғамның атауы

1. Қоғамның толық атауы:

- а) қазақ тілінде: «Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы «Халық-Лизинг» акционерлік қоғамы;
- б) орыс тілінде: акционерное общество «Дочерняя организация Народного Банка Казахстана «Халык-Лизинг»;
- в) ағылшын тілінде: «Halyk-Leasing» subsidiary organization of Halyk Bank of Kazakhstan» Joint Stock Company.

2. Қоғамның қысқартылған атауы:

- а) қазақ тілінде: «Халық-Лизинг» АҚ;
- б) орыс тілінде: АО «Халык-Лизинг»;
- в) ағылшын тілінде: «Halyk- Leasing» JSC.

2-бап. Қоғамның құқықтық мәртебесі

1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды тұлға болып табылады, меншік құқығында окшауланған мүлікке ие және осы мүлкімен өз міндеттемелері бойынша жауап береді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге ие әрі жүзеге асыра алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Қоғамның ресми мәртебесі Қазақстан Республикасының әділет органдарында заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеумен айқындалады.

2. Қоғамның меншік нысаны - жеке.

3. Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде де басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

Еншілес ұйымдарды құруға және (немесе) ие болуға Қоғамның құқығы жоқ.

4. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, сондай-ақ осы Жарғыны және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

5. Қоғамның атауын Қазақстан Республикасының заң талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Қоғам Қоғамның жалғыз акционері - «Қазақстан халық жинақ банкі» акционерлік қоғамының шешімі, бұдан әрі «Акционер» деп аталады («Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2008 ж. 1 желтоқсан №206 шешімі) негізінде «Халық-Лизинг» акционерлік қоғамынан (бастапқы мемлекеттік тіркеу күні 2000 ж. 31 тамыз, тіркеу номері 35018-1910-АҚ, БСН 000940001604) толық атын «Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы «Халық-Лизинг» акционерлік қоғамына өзгертті.

Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу нәтижесінде 2012 жылдың 4 шілдесінен бастап Қоғамға келесі тіркеу номері 1249-1910-02-АҚ берілді.

3-бап. Қоғамның және оның Акционерінің жауапкершілігі

- 1. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелері бойынша жауап береді.
- 2. Қоғам өз Акционерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
- 3. Акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қоғамның қызметіне байланысты шығындар тәуекелін заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, оған тиесілі акциялардың құны шегінде көтереді.

4-бап. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері

1. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғам Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құруға құқылы. Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлғалар болып табылмайды және Қоғам атынан Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін олар туралы ережелер негізінде іс-әрекет етеді.

2. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Қоғамның құзыретті органымен тағайындалады және Қоғам берген сенімхат негізінде іс-әрекет етеді.

3. Қоғамның Филиалдар мен өкілдіктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

5-бап. Қоғамды танытатын құралдар және деректемелер

1. Қоғам белгілі бір мақсаттар үшін филиалдар мен өкілдіктердің мөріне, мөрлеріне, өз қызметін жүзеге асыру барысында оны танытатын мөртабандарға, бланкілерге, эмблемаларға және қажетті өзге де деректемелерге ие болады.

2. Қоғамның деректемелері оның бір не одан астам жұмыс тілдерін пайдалана отырып ресімделеді, оларға қазақ, орыс және ағылшын тілдері жатады.

6-бап. Қоғамның қызмет мерзімі

Қоғамның қызмет мерзімі шектелмеген.

7-бап. Қоғам атқарушы органның орналасқан жері

Қазақстан Республикасы, А05F2D6 (050000), Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Масанчи көшесі, 26/118.

2 тарау. Қоғамның қызметі**8-бап. Қоғам қызметінің түрлері**

1. Қоғам қызметінің мақсаты заңды қызметті жүзеге асыру нәтижесінде болған кіріс алу болып табылады.

2. Қоғам қызметінің негізгі түрі лизинг қызметі, мүлікті уақытша иеленуге және пайдалануға (жалға) беру қызметі және оны сату болып табылады.

3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдары тыйым салмаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

Егер қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың (лицензиардың) арнайы рұқсаты (лицензиясы, сертификаты) қажет болған жағдайда, Қоғам мұндай қызмет түрін тек тиісті рұқсатты (лицензияны, сертификатты) алғаннан кейін ғана және соған сәйкес жүзеге асырады.

3 тарау. Қоғамның мүлкі және капиталы**9-бап. Қоғамның мүлкі**

1. Қоғамның мүлкі меншік құқығында тиесілі.

2. Қоғамның мүлкі:

а) акцияларды орналастырған кезде олардың төлемі;

б) қызметі нәтижесінде алған кірістер;

в) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа негіздер бойынша иемденген өзге мүлік есебінен қалыптасады.

10-бап. Қоғамның жарғылық капиталы

1. Жарғылық капитал Қоғамның қызметін қамтамасыз ету үшін акцияларды олардың нақтылы құны бойынша Акционердың Заңда белгіленген талаптарға сәйкес төлеуі арқылы қалыптастырылады.

2. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

11-бап. Таза табысты бөлу тәртібі

Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді өтегеннен кейін белгілі бір мезетте құралған) Қоғам Акционерінің шешімімен дивидендтер түрінде бөлінуге, сонымен қатар Қоғамның дамуына жіберілуге және де Акционердің шешімімен басқа да мақсаттарға жұмсалына алады.

12-бап. Қоғамның акциялары

1. Акция акционерлік қоғам шығаратын және Акционердің осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген құқықтарын куәландыратын бағалы қағаз болып табылады.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жай акцияларды шығарады.

3. Қоғам өз акцияларын құжатсыз нысанда шығарады.

4. Акциялар ұстаушыларының тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орталық депозитарий жүзеге асырады.

5. Акция бөлінбейді. Акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болған жағдайда, олардың бәрі бір акционер болып табылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды жүзеге асырады.

13-бап. Қоғамның өзге бағалы қағаздары

1. Қоғам қосымша қаражатты тарту үшін Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы

туралы заңдарына сәйкес облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

2. Облигацияларды шығару, олар бойынша сыйақы төлеу, оларды сатудан болған қаражатты өтеу және пайдалану шарттары мен тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен облигациялар шығару проспектісінде айқындайды.

3. Туынды бағалы қағаздарды шығару шарттары мен талаптарын Қоғамның Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті шығару проспектісінде айқындайды.

14-бап. Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру және оларды сатып алу талаптары

1. Қоғам акцияларының орналастырылуы Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген тәсілдермен, тәртіппен және талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Өзі сатып алатын акциялардың құнын толық төлемеген тұлға Қоғамның акционері болып танылмайды.

3. Толық төленбеген акциялар және Қоғам сатып алған акциялар дауыс беру құқығын бермейді және олар бойынша дивидендтер төленбейді.

4. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

5. Қоғам Акционерден (келісімі бойынша) оған тиесілі акцияларды одан әрі сату үшін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға қайшы келмейтін мақсатта, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпке сәйкес шектеулерді ескере отырып, сатып алуын болады.

6. Қоғамның орналастырылған акцияларды оның бастамасы бойынша сатып алуы егер өзгеше Заңда белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі.

Қоғам бастамасымен оның орналастырылған акциялараның сатып алынатын саны акциялардың сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейін олардың жалпы санынан бір пайыз асып кетсе, Қоғам мұндай сатып алу туралы өз акционеріне қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде сатып алынатын акциялардың түрі, саны, бағасы, мерзімі мен сатып алу талаптарын көрсете отырып, хабарландыру беру арқылы жариялайды.

4 тарау. Қоғам Акционерінің құқықтары мен міндеттері

15-бап. Қоғам Акционерінің құқықтары

1. Қоғам Акционерінің:

1) Заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамның істерін басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

4) орталық депозитарийден және (немесе) нақтылы ұстаушыдан оның Қоғамның бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Жарғыға сәйкес өз акцияларын кепілге қоюға және сатуға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дауласуға;

7) Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға өтеу және Қоғамға қайтару, Қоғамның лауазымды тұлғалары және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ішкі мәмілелерді және (немесе) жасалуында мүдделілік бар болған мәмілелерді бекіту (бекітуге ұсыныс жасау) туралы шешімдерді қабылдау нәтижесінде алған табысты Қоғамға қайтару туралы талаппен, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда өз атынан сот органдарына жүгіну;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Қоғам таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігіне;

10) Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

11) Қоғам органдары Қазақстан Республикасының заң нормаларын және осы Жарғының ережелерін бұзатын іс-әрекеттер жасаған жағдайда мемлекеттік органдарға өзінің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін хабарласуға;

12) Қоғам Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

13) өз есебінен Қоғам аудитін аудиторлық ұйымның өткізуін талап етуге құқығы бар.

2. Акционер Заңда және осы Жарғыда көзделген басқа құқықтарға ие бола алады.

16-бап. Қоғам Акционерінің міндеттері

1. Қоғам Акционері:

1) осы Жарғыда және Заңда көзделген тәртіппен, мөлшерде және тәсілмен акцияларды төлеуге;

2) Қоғамның мәміле жасауында мүдделілігі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қоғамға жіберуге;

3) оған тиесілі акцияларды орталық депозитарий мен (немесе) нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға;

4) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

5) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын акционерлер аффилирлену туындаған күннен бастап 7 (жеті) күн ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға табыс етуге міндетті.

17-бап. Акцияларды иеліктен шығару құқығы. Қоғам акцияларымен мәмілелер жасау

1. Акционер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оған тиесілі акцияларды иеліктен шығаруға құқылы.

2. Қоғамның акцияларын сатқысы келетін тұлғаға Қоғамның оларды қоғамның өзінің немесе үшінші тұлғалардың ұсынылған бағадан жоғары баға бойынша сатып алуы туралы ұсыныс жасауға құқығы бар. Сатып алу туралы ұсыныста акциялардың саны, бағасы және акцияларды үшінші тұлғалар сатып алған жағдайда сатып алушылардың деректемелері туралы мәліметтер болуға тиіс.

3. Дербес түрде немесе өзінің аффилирленген тұлғаларымен бірлесіп бағалы қағаздардың қайталама рыногынан Қоғамның дауыс беруші акцияларының 30 (отыз) немесе одан көп пайызын не Қоғамның дауыс беретін акцияларының өзге санын дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта сатып алуға ниетті, сатып алу нәтижесінде тұлғаға дербес немесе өзінің үлестес тұлғаларымен жиынтықта қоғамның дауыс беретін акцияларының отыз немесе одан көп пайызы тиесілі болатын осы тұлға бұл жөнінде Қоғамға және тиісті уәкілетті органға Заңмен белгіленген тәртіппен хабарлама жіберуге тиіс.

18-бап. Айырбасталатын бағалы қағаздар

1. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

2. Қоғам акцияларына айырбасталатын Қоғамның бағалы қағаздарды шығаруы Қоғамның жарияланған және орналастырылған акциялары шегінде жүзеге асырылады.

3. Бағалы қағаздарды айырбастау шарттары, мерзімі мен тәртібі айырбасталатын бағалы қағаздар шығару проспектісімен анықталады.

19-бап. Қоғамның акцияларын және өзге бағалы қағаздарын кепілге салу

1. Қоғам Акционері Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге салуға құқылы.

2. Қоғам Акционері егер кепіл талаптарында өзгеше көзделмесе, акционердің дауыс беруге және өзі кепілге салған акция бойынша дивидендтер алуға құқылы.

3. Қоғам өзі орналастырған бағалы қағаздарды:

1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген;

2) Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда, Қоғамға кепілге берілетін және оның кепілінде жатқан бағалы қағаздардың жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының 25 (жиырма бес) процентінен аспаған;

3) кепіл туралы шартты Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдаған жағдайда ғана кепілге қабылдай алады.

20-бап. Акциялар бойынша дивидендтер

1. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер жыл сайын Акционерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, осы Жарғы мен акцияларды шығару проспектісіне сәйкес таза табыс есебінен төленуі мүмкін.

2. Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы түпкілікті дивидендтің мөлшері Қоғамның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Қоғам Акционерлерінің жыл қорытындысы бойынша шешімімен айқындалады.

3. Дивидендтердің төленуі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

4. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтердің есептелуіне Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде белгіленген жағдайларда жол берілмейді.

5 тарау. Қоғам органдары

21-бап. Қоғам органдары

1. Қоғам органдары:

1) жоғары орган – Акционер;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

- 3) атқарушы орган – Баскарма, оны басқаратын Төраға (бұдан әрі – Баскарма Төрағасы).
2. Қоғамда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де органдар құрылуы мүмкін.

22-бап. Қоғам Акционері

1. Акционер Қоғамның жоғары органы болып табылады.
2. Барлық дауыс беретін акциялары жалғыз акционерге тиесілі болғандықтан Қоғам акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңда акционерлердің жалпы жиналысының құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді мұндай акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешім жазбаша түрде ресімделуге тиіс.
3. Заңмен және осы Жарғымен Акционердің құзырына жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді, Қазақстан Республикасының заңдарына және Акционердің жарғысына сәйкес мұндай шешімдерді қабылдау құқығына ие заңды тұлға ретінде Акционердің органы, лауазымды тұлғалары немесе қызметкерлері қабылдайды.
4. Акционер жылдық жиналысының шешімін қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес күн ішінде кешіктірмей қабылдайды. Есепті кезең ішінде Қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.
5. Акционер жыл қорытындысы бойынша шешімін қабылдау арқылы Қоғамның қаржы есебін бекітеді, Қоғамның өткен қаржы жылы үшін таза кірісін бөлу тәртібін және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін айқындайды және акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселені қарастырады. Жылдық шешімге шешімді қабылдау Заңға және осы Жарғыға сәйкес Акционердің құзырына жатқызылған басқа да мәселелер жатуы мүмкін.

23-бап. Акционердің құзыреті

1. Акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:
 - 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның жаңа редакциясын бекіту;
 - 2) корпоративтік басқару кодексінің және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту және сонымен қатар оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның жарияланған акцияларының түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 6) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
 - 7) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;
 - 8) Қоғамның бағалы қағаздарының конверсиялау шарттары мен тәртібі және оларды өзгерту туралы шешім анықтау;
 - 9) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 10) жылдық қаржылық есепті бекіту;
 - 11) есепті қаржы жылы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту;
 - 12) Заңда көзделген жағдайлар туындаған жағдайда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешімдер қабылдау;
 - 14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің 25 (жиырма бес) және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларға құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 15) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
 - 16) Акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты егер сондай тәртіп Жарғымен айқындалса, ұсыну тәртібін айқындау;
 - 17) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
 - 18) нәтижесінде 1 500 000 000 (бір миллиард бесжүз миллион) тенге құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені акционерлік қоғамның жасасуы;
 - 19) нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп процентін сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мүлік туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу

одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сату алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

2. Егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде басқаша көзделмесе, шешім қабылдау Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды тұлғалардың және Қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге болмайды.

3. Акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарымен кез келген шешімін бас тартуға құқылы.

24-бап. Директорлар кеңесі

1. Директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы болып табылады.

2. Қоғамның Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің Төрағасынан және Директорлар кеңесінің өзге де мүшелерінен тұрады. Директорлар кеңесінің сандық және дербес құрамын Заңға сәйкес Қоғамның Акционері айқындайды.

Басқарма Төрағасынан басқа, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің құрамына сайланбайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады сонымен бірге Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

3. Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері Қоғамның мүдделері үшін іс-әрекеттері тиіс, мінсіз іскерлік репутацияға ие болулары, Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасау үшін қажетті кәсіби біліктіліктері болулары, Қоғамның қызмет аясында да басқару аясында да арнайы білімді болулары тиіс.

Директорлар кеңесі, лауазымды тұлғалар және Акционер деңгейіндегі ықтимал мүдделер қатығысын, соның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды мүмкіндігінше жоюға және оларды бақылауды жүзеге асыруға, және Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиімді.

Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және Қоғамның Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге адамдарға беруге құқылы емес.

4. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін Акционерлердің шешімімен белгіленеді. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі осы Жарғы мен Заңда қарастырылған тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа құрамын Акционер қалыптастыратын сәтте аяқталады.

5. Акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімін бұрын тоқтатуға құқылы. Қоғам Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің (мүшелерінің) өкілеттігі сонымен бірге (солардың) өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Акционердің шешімі қабылданған күннен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда Акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлайды. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімі аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

6. Директорлар кеңесі мүшесінің бастамасы бойынша оның өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы Директорлар кеңесінің жазбаша хабарландыруы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттік мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуінің немесе бірнешеуінің өкілеттігі тоқтаған кезде Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібі мәселесі жөніндегі шешімдер осы баптың 15-тармағын, белгіленген кворум болған жағдайда және осындай шешімдерді қабылдау үшін Директорлар кеңесінің қалған мүшелері дауыстар санының жай көпшілік дауыс берсе, қабылданады.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің саны осы баптың 15-тармағында көрсетілген кворумға жеткіліксіз болған жағдайда Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Директорлар кеңесіне жаңа мүшелер сайлау жөнінде Акционерге ұсыныс қабылдағаннан басқа қандай да бір шешімдер қабылдауға құқықсыз.

7. Директорлар кеңесі мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционерлер - жеке адамдар;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

3) Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.

8. Қоғам Директорлар кеңесін ұстау шығысы Қоғамның тиісті мерзімдегі бюджет шеңберінде Қоғамның Басқармасын ұстау шығысынан аспауы қажет.

9. Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны 3 (үш) адамнан кем емес болуы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде 30 (отыз) пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

10. Қоғам Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелері арасынан Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы сайланады.

11. Төраға Қоғам Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесі жиналыстарында төрағалық етеді.

12. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасымен немесе Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің, Қоғамға, аудит жүргізуші аудиторлық ұйымның, Акционерлер талабы бойынша шақырылады.

13. Отырыс өткізу туралы хабарлама, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен бірге Директорлар кеңесі мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін 3 (үш) күннен кешіктірілмей жазбаша тәртіпте отырыстың күнін, уақытын, өтетін жері мен күн тәртібін көрсете отырып жолданады. Директорлар кеңесі мүшелеріне хабарлама жіберу мерзімі отырыста қарауға шығарылатын мәселелерді сипатына қарамастан Директорлар кеңесі Төрағасының қалауымен өзгертілуі мүмкін.

14. Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен шарттары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайда) қамтылуы тиіс.

15. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығын жөнінде алдын ала ескертуге міндетті.

16. Қоғам Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу үшін жиналым Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының, тәуелсіз директорын (директорлардың) қоса алғанда, жартысынан кем болмауы тиіс. Бұл ретте отырыста бола алмаған Директорлар кеңесінің мүшесі қарастыруға шығарылатын барлық мәселелерді талқылауға және олар бойынша дауыс беруге телефон байланысы немесе электрондық байланыс арқылы қатыса алады, мұндай тәсіл оның отырыс өткізілетін жерде жоқ екендігіне сөзсіз сәйкес келуі керек әрі қабылданатын шешім бойынша Директорлар кеңесінің аталған мүшесінің ой-пікірін қабылдауға мүмкіндік беруге тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесі шешімді отырыс өткізілген жерде болмаған Директорлар кеңесі мүшесінің қатысуымен қабылдағанда отырыс хаттамасында Директорлар кеңесінің осы аталған мүшесінің мәселелерді талқылауға және шешім қабылдауға телефон немесе басқа байланыс арқылы қатысқандығын бұл отырыс өткізілген жерде болмаған Кеңес мүшесін бір мәнді сәйкестендіруге мүмкіндік беретіндігі көрсетілуге тиіс. Бұл жағдайда Директорлар кеңесінің аталған мүшесі қабылданған шешім туралы оған дауыс беру нәтижесін растайтын жазбаша құжатты отырыс өткізілген күннен кейін екі ай мерзімде кешіктірмей Қоғамның корпоративтік хатшысына қолма-қол табыстауға немесе почта байланыс құралдарын пайдалану арқылы жіберуге тиіс. Бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесінің аталған мүшесі қабылданған шешім туралы өзінің дауыс беру нәтижесін растайтын жазбаша құжатты отырыс өткізілген күннен кейін екі ай мерзімнен кешіктірмей Қоғамның корпоративтік хатшысына қолма-қол табыстауға немесе почта байланыс құралдарын пайдалану арқылы жіберуге тиіс. Бұл ретте Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі аталған жазбаша құжаттың көшірмесін отырыс өткізілген күннен кейін келесі жиналыс күнінен кешіктірмей факсимильдік немесе электрондық байланыспен Қоғамның корпоративтік хатшысына жіберуге тиіс.

17. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.

Директорлар кеңесінің шешімі Кеңес мүшелері берген жалпы дауыс санының қаралған көпшілігімен қабылданады, ал шешім сауалдама тәртібімен қабылданатын болса, Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының қарапайым басым көпшілігі қол қойған жағдайда қабылданады (сырттай дауыс беру). Дауыстар тең болған жағдайда Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесі жиналысына төрағалық етуші тұлғаның дауыс беруші болып табылады.

Директорлар кеңесінің мүшелері олардың жасалуына өздері мүдделі болып тұрған қандай да бір мәмілелер бойынша талқыға салуға және шешім қабылдауға құқылы емес.

18. Жүзбе жүз қатысу тәртібімен өткізілген отырыста қабылданған Директорлар кеңесі шешімдері Директорлар кеңесінің хаттамасымен отырыс өткізілген күннен кейін 3 (үш) күннің ішінде ресімделеді.

Директорлар кеңесі жиналысының хаттамасында мынадай ақпарат болуы тиіс:

- 1) Қоғамның толық атауы және Қоғам Басқармасының орналасқан жері;
- 2) Директорлар кеңесі жиналысының өткізілетін күні, уақыты және өтетін жері;
- 3) Директорлар кеңесінің жиналысына қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) жиналыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) Директорлар кеңесінің жиналысында қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.

19. Директорлар кеңесі жиналысының хаттамасына Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе төрағалық еткен тұлға және отырыс хатшысы қол қояды.

20. Директорлар кеңесінің жиналысына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер сұрау арқылы (сырттай дауыс беру) қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру тәртібімен қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдердің жиналымы жеткілікті болғанда қабылданған болып танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі (Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі) жазбаша түрде ресімделуі тиіс Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Қоғамның хатшысы қол қоюы керек.

21. Директорлар кеңесі жиналыстарының хаттамалары мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Қоғамның мұрағатында сақталады және танысу үшін Директорлар кеңесінің келген мүшесінің талабы бойынша және (немесе) Қоғамның уәкілетті тұлғасының қолымен және мөрмен куәландырылған хаттаманың немесе шешімнің көшірмесін Қоғамның хатшысы ұсынады.

25-бап. Директорлар кеңесінің құзыреті

1. Директорлар кеңесі Заң және (немесе) осы Жарғы арқылы Акционердің айрықша құзыретін жатқызылған мәселелер бойынша шешімді қоспағанда Қоғамның қызметін жалпы басқарады.

2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау және Қоғамның даму стратегиясын бекіту;

2) Акционердің құзыретіне жаттатын мәселелер бойынша Акционердің қарауына шығару туралы шешімдер қабылдау;

3) Қоғам жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оны ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акциялар немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы туралы және оларды сатып алу бағасы туралы шешімдер қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есебін алдын ала бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері жайлы ережелерді бекіту;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) Қоғамның Басқармасының мүшелік құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Қоғам Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін еңбекақы және сыйлықақы шарттарын анықтау;

10) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның құзыретінің мерзімін анықтау, мерзімінен бұрын құзыретін тоқтату, сонымен қатар корпоративтік хатшының лауазымды жалақысының мөлшері мен сыйақы мөлшерін анықтау;

11) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ , сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құны бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) еңбек ақы төлеу жүйесін, Қоғамның құрылымы мен штатын бекітуді қоса алғанда, ішкі қызметтерін реттейтін құжаттарды бекіту;

13) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Қоғам Басқармасы қабылдайтын құжаттардан басқа Қоғамның ішкі қызметтерін реттейтін құжаттарды, оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттарын және өткізу тәртібін бекітетін ішкі құжатты бекіту;

14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан артық пайызын (жарғылы капиталға қатысу үлесін) сатып алуы (иелігінен шығару) туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан артық пайызы (жарғылы капиталға қатысу үлесі) тиесілі болған заңды тұлғаның акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдау;

17) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көбіне проценті болатын шамаға көбейту туралы шешім қабылдау;

18) Қоғам туралы және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

19) Қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуында оның қызығушылығы бар мәмілелерді жасау туралы шешімдерді Қоғамның Жалғыз акционерімен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда Заң белгіленген тәртіппен қабылдау;

20) нәтижесінде 20 000 000 (жиырма миллион) тенгеден бастап 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) тенгеге дейін және де 25 (жиырма бес) пайыздан бастап 50 (елу) пайызға дейін құрайтын мүлік иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) қоғамның жасасуын мақұлдау туралы шешім қабылдау;

21) Қоғамның Жарғысын және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдау;

22) Қоғамның Корпоративтік басқару кодексін және оған енгізілетін өзгерістер м толықтыруларды алдын ала мақұлдау;

23) бизнес-жоспарды, Қоғамның бюджетін және күрделі салымдарының жоспарын бекіту;

24) Қоғамды ерікті түрде тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы мәселелерді Акционерд карауына ұсыну;

25) Қоғамның ішкі құжаттарымен көзделген, Заңға және осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге мәселелер бойынша шешім қабылдау.

3. Қоғам Басқармасының Төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату турал мәселелерді қоспағанда, осы баптың 2-тармағында белгіленген мәселелер бойынша Директорлар кеңесін шешімдері осы Жарғының 24-бабының 17-тармағында анықталған тәртіппен қабылданады.

Қоғам Басқармасының Төрағасын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату турал шешім Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы дауыс санының кем дегенде үштен екіс құрайтын көпшілік дауыспен қабылданады. Бұл ретте Басқарма Төрағасының лауазымына сайлану кандидат болып табылатын немесе тиісінше, Басқарма Төрағасы болып табылатын Қоғамның Директорл кеңесінің мүшесі аталған мәселелер бойынша шешім қабылдауға қаатыспайды.

4. Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес Акционердің және Басқарманың құзыреті жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционердің шешімдеріне қайц келетін шешімдер қабылдауға құқықсыз.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Басқарманың шешуіне беру болмайды.

5. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалануды жә мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамд мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

26-бап. Директорлар кеңесінің комитеттері

1. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғам Директорлар кеңесінің мынадай мәселелер жөніндегі комитеттері құрылады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақылар;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармак санамаланған мәселелерді қарау директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыреті жатқызылуы мүмкін.

2. Директорлар кеңесінің комитеттері директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитет жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады. Ішкі аудит мәселелері жөнінде комитет тек қана Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұруға тиіс.

3. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай- олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

27-бап. Басқарма

1. Басқарма Қоғамның ағымдағы қызметін басқаратын, Қоғамның алкалы атқарушы органы бол табылады.

Басқарма Қоғам атынан іс-қимыл жасайды, оның ішінде оның мүддесін білдіреді, осы Жарғы жә Заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның атынан мәмілелер жасайды, Қоғамның барлық қызметкерл орындауы үшін міндетті болып табылатын шешімдер (қаулылар) шығарады және нұсқаулар береді.

